

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М. ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ**

Жоба

**«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби
құзыреттілігін жетілдіру» тақырыбындағы біліктілікті
арттыру курсының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Орал, 2026

Бағдарлама құрастырушылары:

Хабиева Д. Г. – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, аға оқытушы, магистр

Абугалиева Г.С. – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, аға оқытушы, магистр

Есқақова Ф. Е. – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, оқытушы, магистр

Курс көлемі – 80 академиялық сағат

Өткізу орны: қашықтықтан

Тыңдаушылар санаты – тәрбиешілер

Біліктілікті арттыру курс бағдарламасы БББ
_____ факультет
кеңесі отырысында қарастырылды « ___ » « _____ » 202_ ж. Хаттама № _____

Біліктілікті арттыру курс бағдарламасы _____ факультет
кеңесі отырысында қарастырылды « ___ » « _____ » 202_ ж. Хаттама № _____

Біліктілікті арттыру курс бағдарламасы университеттің академиялық кеңес
отырысында қарастырылып, бекітілді.
« ___ » « _____ » 202_ ж. Хаттама № _____

1. Жалпы ережелер

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру» біліктілікті арттыру курсы мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында педагогтердің кәсіби әлеуетін дамытуға бағытталған. Қазіргі қоғамда мектепке дейінгі білім беру баланың тұлғалық, зияткерлік және әлеуметтік дамуының негізін қалыптастыратын маңызды кезең болып табылады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби даярлығы мен педагогикалық шеберлігін жетілдіру білім беру сапасын арттырудың басты факторларының бірі болып саналады.

Курс бағдарламасы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының басым бағыттарына сәйкес әзірленген. Бағдарлама мазмұны мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға, инновациялық педагогикалық технологияларды енгізуге, инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруға және білім беру процесін цифрлық трансформациялау талаптарына жауап беруге бағытталған.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып отыр. Осыған байланысты педагогтердің кәсіби қызметінде заманауи педагогикалық әдістерді, интерактивті технологияларды, ойын арқылы оқыту тәсілдерін, тұлғаға бағытталған және құзыреттілікке негізделген оқыту модельдерін қолдану ерекше маңызға ие. Бұл талаптар педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын, жаңа білім мен дағдыларды меңгеруін, сондай-ақ педагогикалық тәжірибеде инновациялық тәсілдерді қолдануын қажет етеді.

Бағдарлама мазмұны халықаралық білім беру кеңістігіндегі заманауи үрдістермен де үйлеседі. Әлемдік тәжірибеде мектепке дейінгі білім беру саласында баланың жеке ерекшеліктерін ескеру, инклюзивті білім беруді дамыту, цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану, педагогтердің кәсіби қауымдастықтарын дамыту және білім берудің сапасын арттыру бағыттары кеңінен жүзеге асырылуда. Осы үрдістерді ескере отырып, курс бағдарламасы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін кешенді дамытуға бағытталған мазмұнды қамтиды.

Бағдарламаны іске асыру барысында тыңдаушылардың теориялық білімдерін кеңейту, практикалық дағдыларын жетілдіру және педагогикалық тәжірибесін жаңарту көзделеді. Курс мазмұны мектепке дейінгі ұйымдардағы

білім беру процесін тиімді ұйымдастыру, балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, ата-аналармен серіктестік қарым-қатынас орнату, қауіпсіз және дамытушы білім беру ортасын құру сияқты маңызды мәселелерді қамтиды.

Осылайша, аталған біліктілікті арттыру курсы мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге, білім беру сапасын арттыруға және мектепке дейінгі білім беру жүйесінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Бағдарлама педагогтердің кәсіби өсуіне, инновациялық тәжірибені меңгеруіне және білім беру үдерісін заманауи талаптарға сәйкес ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

Курстық оқытудың жалпы көлемі 80 сағатты құрайды.

2. Глоссарий

Мектепке дейінгі педагогика – ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту заңдылықтарын зерттейтін педагогика ғылымының саласы.

Мектепке дейінгі білім беру – баланың жан-жақты дамуына бағытталған тәрбие мен оқыту процесін қамтитын білім беру деңгейі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты – мектепке дейінгі білім беру мазмұнына, құрылымына және нәтижелеріне қойылатын міндетті талаптарды анықтайтын нормативтік құжат.

Үлгілік оқу бағдарламасы – мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру мазмұнын, мақсаттары мен күтілетін нәтижелерін айқындайтын негізгі оқу құжаты.

Білім беру мазмұны – білім, білік, дағдылар мен құндылықтардың жүйесі, балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін оқу материалы.

Заттық дамытушы білім беру ортасы- баланың танымдық, эмоционалдық, әлеуметтік және шығармашылық дамуын қамтамасыз ететін материалдық объектілер, оқу құралдары, ойыншықтар және кеңістік элементтерінен тұратын педагогикалық ұйымдастырылған жүйе.

Дамытушы материалдар - баланың танымдық, сенсорлық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған дидактикалық құралдар мен ойын материалдары.

Нормативтік құжаттар – білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін заңдар, стандарттар, ережелер және әдістемелік нұсқаулықтар.

Инклюзивті білім беру – барлық балаларға, соның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға тең білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін білім беру жүйесі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар (ЕБҚ) – денсаулығының, психикалық немесе физикалық даму ерекшеліктеріне байланысты қосымша педагогикалық қолдауды қажет ететін балалар.

Инклюзивті орта – барлық балалардың қажеттіліктерін ескеріп ұйымдастырылған қауіпсіз және қолжетімді білім беру ортасы.

Бейімдеу (адаптация) – оқу мазмұнын, әдістерін немесе оқу ортасын баланың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес өзгерту.

Дифференциация – балалардың қабілеті мен даму деңгейіне қарай тапсырмаларды әртүрлі деңгейде ұйымдастыру.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу – баланың дамуын қолдау мақсатында педагог, психолог, логопед және басқа мамандардың бірлескен жұмысы.

Дефектолог – ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін арнайы маман.

Логопед – балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды түзетумен айналысатын маман.

Бала — 18 жасқа толмаған адам, құқықтық тұрғыдан ерекше қорғауға ие тұлға.

Баланың құқықтары — баланың өмір сүруіне, дамуына, қорғалуына және қоғамға қатысуына кепілдік беретін заңмен бекітілген мүмкіндіктер жүйесі.

Балаларды қорғау — баланың өмірі мен денсаулығын, ар-намысын және құқықтарын сақтау мен қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жиынтығы.

Әлеуметтік қорғау — мемлекет тарапынан баланы және отбасын материалдық, құқықтық, психологиялық тұрғыдан қолдау жүйесі.

Құқық бұзушылық — заң талаптарының орындалмауы немесе баланың құқықтарына зиян келтіретін әрекет.

Зорлық-зомбылық — баланың денесіне, психикасына немесе қадір-қасиетіне зиян келтіретін әрекет (физикалық, психологиялық, сексуалдық).

Қараусыздық (немқұрайлылық) — ата-ананың немесе қамқоршының баланың негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз етпеуі.

Қорғаншылық — ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы қорғау үшін тағайындалатын құқықтық нысан.

Қамқоршылық органы — ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғаумен айналысатын мемлекеттік орган.

Асырап алу (бала асырап алу) — баланы өз отбасына заңды түрде қабылдап, оған туған баладай құқық беру.

Патронаттық тәрбие — баланы уақытша басқа отбасының тәрбиесіне беру нысаны.

Баланың мүддесі — кез келген шешім қабылдағанда бірінші кезекте ескерілетін баланың игілігі мен қауіпсіздігі.

Құқықтық жауапкершілік — баланың құқығын бұзғаны үшін заң алдында жауап беру міндеті.

Конфиденциалдылық — баланың жеке өмірі туралы мәліметтерді құпия сақтау.

Әлеуметтік педагог — баланың құқықтарын қорғауға және әлеуметтік мәселелерін шешуге көмектесетін маман.

Психологиялық қолдау — баланың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыруға бағытталған кәсіби көмек.

3. Бағдарламаның тақырыбы

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру» атты бағдарлама қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті талаптарға жауап беретін кешенді әрі жаңашыл мазмұнымен ерекшеленеді. Бағдарламаның басты жаңашылдығы – педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуда инклюзивті білім беру, цифрлық педагогика, экологиялық тәрбие және ұлттық құндылықтарды біртұтас жүйеде қарастыруында. Сонымен қатар, бағдарлама цифрлық трансформация үрдісіне сай жасалып, білім беру процесінде жасанды интеллект құралдарын, мультимедиалық ресурстарды және мобильді қосымшаларды тиімді қолдануға бағытталған. Практикаға бағдарланған тәсілдер арқылы педагогтердің нақты кәсіби әрекетін жетілдіру, яғни кейс тапсырмалар, жобалық жұмыстар, рефлексиялық талдау сияқты әдістер кеңінен қамтылған. Бағдарлама аясында педагогтердің коммуникативтік дағдылары, эмоционалдық интеллекті, ата-аналармен тиімді серіктестік орнату және командада жұмыс істеу қабілеттері де дамытылады.

Білім беру жүйесінде педагогтердің біліктілігін арттыруға бағытталған түрлі бағдарламалар мен курстар (мысалы, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, Педагогикалық шеберлік орталығы) бар екені белгілі. Алайда ұсынылып отырған бағдарлама аталған бағыттарды жеке-жеке емес, өзара ықпалдастырылған біртұтас жүйе ретінде қарастырады. Оның ерекшелігі – педагогтің тек теориялық білімін арттырумен шектелмей, нақты кәсіби тәжірибесін жетілдіруге, рефлексия жасауына және білімін практикада қолдануына бағытталуында. Сонымен бірге бағдарлама Қазақстанның білім беру кеңістігіне бейімделген, яғни ұлттық құндылықтар, отбасымен жұмыс ерекшеліктері және көпмәдениетті орта ескерілген.

Бұл бағдарлама білім беру жүйесінде бар аналогтарды толықтыра отырып, олардың мазмұнын жаңаша деңгейде біріктіретін, педагогтердің кәсіби дамуын кешенді түрде қамтамасыз ететін инновациялық білім беру өнімі болып табылады.

4. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру» біліктілікті арттыру курсының мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттерін заманауи білім беру талаптарына сәйкес дамыту, инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру, балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін сапалы білім беру ортасын ұйымдастыруға педагогтерді даярлау.

Негізгі міндеттер:

- Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің заманауи даму бағыттары мен нормативтік-құқықтық негіздерін түсіндіру.
- Педагогтердің кәсіби, педагогикалық және әдістемелік құзыреттерін жетілдіру.
- Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру үдерісін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру әдістерін меңгерту.

- Инновациялық педагогикалық технологияларды, ойын арқылы оқыту әдістерін және интерактивті тәсілдерді қолдану дағдыларын дамыту.
- Инклюзивті білім беру жағдайында балалармен жұмыс істеудің педагогикалық тәсілдерін меңгерту.
- Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дамытушы білім беру ортасын ұйымдастырудың тиімді жолдарын үйрету.
- Педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттыру және цифрлық білім беру ресурстарын қолдану дағдыларын қалыптастыру.
- Ата-аналармен және әлеуметтік серіктестермен тиімді ынтымақтастық орнату тәсілдерін жетілдіру.
- Педагогтердің кәсіби рефлексия жасау, өзін-өзі дамыту және кәсіби өсу дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

- мектепке дейінгі білім беру жүйесінің заманауи даму бағыттарын және нормативтік негіздерін біледі;
- мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру үдерісін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру әдістерін меңгереді;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытудың тиімді әдістерін қолдана алады;
- инновациялық педагогикалық технологияларды және ойын арқылы оқыту тәсілдерін тәжірибеде қолданады;
- инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық қолдау көрсету әдістерін пайдалана алады;
- цифрлық білім беру ресурстарын оқу-тәрбие процесінде тиімді қолданады;
- ата-аналармен және қоғаммен серіктестік негізінде жұмыс ұйымдастыра алады;
- кәсіби қызметінде рефлексия жасап, педагогикалық тәжірибесін жетілдіруге бағытталған кәсіби даму стратегияларын қолдана алады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 4 модульден тұрады:

1. Мектепке дейінгі білім беру жүйесі, мазмұны және міндеттері.
2. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері.
3. Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді ұйымдастыру.
4. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың құқықтарын қорғау саласындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Бірінші модульде мектепке дейінгі білім беру жүйесі мазмұны және міндеттері модульде мектепке дейінгі білім беру жүйесінің құрылымы мен дамуы қарастырылады. Бұл модульде мектепке дейінгі білім берудің мақсаты мен міндеттері мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері мен қызметі түсіндіріледі.

Сонымен қатар мектепке дейінгі білім беру мазмұны балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиелеу мен оқыту мәселелері талданады. Модуль барысында мектепке дейінгі ұйымдағы оқу тәрбие процесін ұйымдастыру ойын арқылы оқыту дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру жолдары қарастырылады. Сонымен бірге педагог пен ата-ананың өзара ынтымақтастығы балалардың қауіпсіздігі мен жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мәселелеріне де назар аударылады.

Екінші модульде мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастырудың теориялық және практикалық негіздерін қарастыруға бағытталған. Модуль барысында педагогтер мектепке дейінгі жастағы балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие процесін жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерімен танысады.

Үшінші модульде мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың мазмұны мен ерекшеліктері қарастырылады. Модуль барысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі қағидалары түсіндіріледі. Сонымен қатар инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру және балалардың тең білім алуына жағдай жасау мәселелері талданады. Педагогтің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жүргізу әдістері мен тәсілдері қарастырылады. Модульде педагог психолог логопед және ата-аналардың бірлескен жұмысының маңызы да көрсетіледі. Сонымен бірге балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқу тәрбие процесін ұйымдастыру және қолдау көрсету жолдары қарастырылады.

Төртінші модульде мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің балалардың құқықтарын қорғау саласындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Модуль барысында ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың құқықтары, олардың қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету жолдары түсіндіріледі. Сонымен қатар балалардың құқықтарын сақтауға бағытталған нормативтік құжаттар мен заңнамалық негіздер таныстырылады. Педагогтің бала құқықтарын қорғаудағы жауапкершілігі мен кәсіби рөлі қарастырылады. Модульде балаларға қолайлы және қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыру мәселелері де қамтылады. Сонымен бірге педагог пен ата-ананың бірлескен жұмысы арқылы баланың құқықтарын қорғау және оның жан-жақты дамуына жағдай жасау жолдары талданады.

Курсты тыңдаушылардың қажеттіліктеріне сәйкес модульді өзгертуге болады.

Бағдарлама жоспары

№	Сабақ тақырыптары	Дәріс	Практикалық сабақ	Барлығы	Дәріс беруші
1-модуль. Мектепке дейінгі білім беру жүйесі, мазмұны және міндеттері					
1	Мектепке дейінгі педагогика: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың	6	8	14	Тапауова Адема Аязбаевна, оқытушы

	мемлекеттік стандарты, үлгілік оқу бағдарламасы және нормативтік-құқықтық құжаттары.				
	Мектепке дейінгі жастағы балалардың еңбек тәрбиесінің теориялық және әдістемелік негіздері	2	4	6	Тапауова Адема Аязбаевна, оқытушы
2 модуль. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері					
2	Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық қызмет жағдайында тәрбиешілердің күзiреттілігін қалыптастырудың педагогикалық негіздері	3	5	8	Есқақова Фариза Ерболатқызы
3	Мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы білім беру ортасын тиімді ұйымдастыру жолдары.	3	5	8	Хабиева Дина Гарифоллиевна
3 модуль. «Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді ұйымдастыру»					
4	Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері. Ерекше білім алу қажеттілігі бар балалардың сөйлеу бұзушылығын түзетудегі логопедиялық массаж және артикуляциялық гимнастика.	5	7	12	Набиева Жанаргул Жұмабайқызы
5	Мектепке дейінгі ұйымдарда психологиялық қызметтегі терапиялардың қолданылуы (арт-терапия, ароматерапия, құм терапиясы, музыка терапиясы)	4	6	10	Абугалиева Гулшат Сержановна
4 модуль. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ерте және мектепке					

дейінгі жастағы балалардың құқықтарын қорғау саласындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру					
6	Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамалық жүйесі	2	4	6	Убишева Айжан Султановна
7	Мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтік – құқықтық қорғауда жасанды интеллект технологияларын қолдану	4	8	12	Убишева Айжан Султановна
8	Кері байланыс			4	Набиева Жанаргул Жұмабайқызы
	Барлығы	29	47	80	
	Курс көлемі	80 сағат			

5.1. Дәріс кешені

1-тақырып. Мектепке дейінгі педагогика: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты, үлгілік оқу бағдарламасы және нормативтік-құқықтық құжаттары

Дәріс тезистері.

Мектепке дейінгі білім берудің нормативтік-құқықтық негіздері. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламалары. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін ұйымдастыру ережелері. Санитарлық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік нормалары.

Әдебиет: 1-6, 21-30

2-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы балалардың еңбек тәрбиесінің теориялық және әдістемелік негіздері

Дәріс тезистері.

Еңбек тәрбиесі ұғымы және оның мәні. Қазіргі білім беру жүйесіндегі еңбек тәрбиесінің маңызы. Еңбек тәрбиесінің заманауи түсінігі. Балалар еңбегінің жаңашыл бағыттары. Еңбек тәрбиесінің бала дамуына әсері.

Әдебиет: 1-6, 21-30

3-тақырып. Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық қызмет жағдайында тәрбиешілердің құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық негіздері

Дәріс тезистері. Инновация ұғымы. Қазіргі мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық қызметтің мәні. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі ұғымы. Инновациялық педагогикалық қызметтің ерекшеліктері. Тәрбиешілердің инновациялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық негіздері. Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық технологиялар. Инновациялық қызмет жағдайындағы тәрбиешінің рөлі.

Әдебиет: 1-6, 21-30

4-тақырып. Мектепке дейінгі ұйымдарда заттық дамытушы білім беру ортасын тиімді ұйымдастыру жолдары

Дәріс тезистері.

Заттық-дамытушы орта. Білім беру кеңістігі. Бала дамуы. Танымдық белсенділік. Дербестік. Шығармашылық. Ойын әрекеті. Қауіпсіздік. Қолжетімділік. Вариативтілік. Эстетикалық орта. Сенсорлық даму. Ұлттық құндылықтар. Инновациялық технологиялар. Цифрлық құралдар. Инклюзивті орта. Дамытушы материалдар. Шығармашылық қабілет. Дербестік. Әлеуметтік дағдылар.

Әдебиет: 1-6, 21-30

5-тақырып. Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері. Ерекше білім алу қажеттілігі бар балалардың сөйлеу бұзушылығын түзетудегі логопедиялық массаж және артикуляциялық гимнастика.

Дәріс

тезистері.

Инклюзивті орта. Тең мүмкіндік. Қолжетімділік. Толеранттылық. Жеке тәсіл Психологиялық қолдау. Педагогикалық қолдау. Кешенді сүйемелдеу. Мамандар ынтымақтастығы. Әлеуметтік бейімделу. ЕБҚ балалар. Даму ерекшелігі. Сөйлеуді түзету әдістері. Логопедиялық түзету. Логопедиялық массаж. Артикуляциялық гимнастика. Дыбыс қою. Сөйлеу моторикасы. Артикуляциялық аппарат.

Әдебиет: 7-11

6-тақырып. Мектепке дейінгі ұйымдарда психологиялық қызметтегі терапиялардың қолданылуы (арт-терапия, ароматерапия, құм терапиясы, музыка терапиясы)

Дәріс тезисі.

Психологиялық қолдау. Психологиялық қызмет. Эмоционалдық тұрақтылық. Психологиялық жайлылық. Баланың ішкі әлемі. Релаксация. Арт-терапия. Ароматерапия. Құм терапиясы. Музыка терапиясы.

Әдебиет: 7-11

7-тақырып. Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамалық жүйесі.

Дәріс тезисі.

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы ұлттық заңнаманың мәні. Мектепке дейінгі білім берудің негізгі құқықтық негізі. Мектепке дейінгі ұйым қызметін реттейтін негізгі нормативтік құжаттар. Балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған заңнамалық нормалар. Мектепке дейінгі ұйым педагогінің құқықтары мен міндеттері. Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының құқықтық өзара әрекеті. Инклюзивті білім берудің заңнамалық негіздері. Заңнаманы сақтаудың мектепке дейінгі ұйымдағы маңызы.

Әдебиет: 13, 17-30

8-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтік-құқықтық қорғауда жасанды интеллект технологияларын қолдану.

Дәріс тезисі.

Жасанды интеллект және баланы қорғау жүйесі. Мектепке дейінгі ұйымдағы әлеуметтік-құқықтық қорғау ұғымы. Жасанды интеллекттің негізгі мүмкіндіктері. AI технологияларын қолдану бағыттары. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау. Педагог жұмысына AI технологияларының көмегі. Цифрлық қауіпсіздік және этикалық мәселелер. Болашақтағы даму бағыттары.

Әдебиет: 14-22

5.2. Практикалық сабақтар

1-тақырып. Мектепке дейінгі педагогика: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты, үлгілік оқу бағдарламасы және нормативтік-құқықтық құжаттары.

Тапсырма: «Құжаттарды сәйкестендір». Берілген нормативтік-құқықтық құжаттарды олардың негізгі қызметімен сәйкестендіріңіз.

Құжат	Негізгі мазмұны
1. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт	
2. Үлгілік оқу бағдарламасы	
3. Білім туралы заң	
4. Баланың құқықтары туралы заң	

Әдістемелік нұсқаулық:

Құжаттардың мазмұнын талдап, олардың негізгі функциясын анықтау.

Нәтижелерін кесте арқылы қорғау.

Әдебиет: 1-6, 21-30

2-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы балалардың еңбек тәрбиесінің теориялық және әдістемелік негіздері

Тапсырма: «Рефлексиялық талдау»

Өз тәжірибеңізді талдаңыз.

Сұрақ	Жауап
Балаларға қандай еңбек тапсырмаларын бересіз?	
Қандай қиындықтар кездеседі?	
Қандай әдістер тиімді?	
Қандай өзгерістер енгізуге болады?	

Әдістемелік нұсқаулық

Жеке рефлексия

Әдебиет: 1-6, 21-30

3-тақырып. Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық қызмет жағдайында тәрбиешілердің құзіреттілігін қалыптастырудың педагогикалық негіздері

Тапсырма: «SWOT талдау»

Балабақшадағы инновациялық қызметтің мүмкіндіктерін SWOT әдісі арқылы талдаңыз.

Strengths (күшті жақтары)	Weaknesses (әлсіз жақтары)
Opportunities (мүмкіндіктер)	Threats (қауіптер)

Әдістемелік нұсқаулық

- Қатысушылар ұйым тәжірибесін талдайды
- SWOT талдау нәтижесі талқыланады

Әдебиет: 1-6, 21-30

4-тақырып. Мектепке дейінгі ұйымдарда заттық дамытушы білім беру ортасын тиімді ұйымдастыру жолдары.

Тапсырма: «Заттық дамытушы ортаның моделін құру»

Тыңдаушылар мектепке дейінгі топтың дамытушы ортасының моделін құрастырады.

Келесі аймақтарды жобалаңыз:

1. Ойын орталығы
2. Таным орталығы
3. Экологиялық бұрыш
4. Шығармашылық аймақ
5. Кітап бұрышы
6. Сенсорлық даму аймағы

№	Аймақ	Мақсаты	Құралдар	Баланың дамуына әсері

Әдістемелік нұсқаулық

Жобалау кезінде:

- бала белсенділігі
- қауіпсіздік
- вариативтілік
- эстетикалық талаптар ескеріледі.

Әдебиет: 1-6, 21-30

5-тақырып. Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері. Ерекше білім алу қажеттілігі бар балалардың сөйлеу бұзушылығын түзетудегі логопедиялық массаж және артикуляциялық гимнастика.

Тапсырма: «Интерактивті әдіс: Fishbone»

Fishbone әдісі арқылы сөйлеу бұзылысының себептерін анықтаңыз.

Мәселе:

Баланың дыбыстарды дұрыс айтпауы

Себептер:

- физиологиялық
- психологиялық
- педагогикалық
- әлеуметтік

Әдістемелік нұсқаулық

Тыңдаушылар:

- мәселені талдайды
- себеп-салдарын анықтайды
- шешу жолдарын ұсынады.

Әдебиет: 7-11

6-тақырып. Мектепке дейінгі ұйымдарда психологиялық қызметтегі терапиялардың қолданылуы (арт-терапия, ароматерапия, құм терапиясы, музыка терапиясы)

1-тапсырма: Құм терапиясының сценарийі

Құм терапиясы арқылы баланың қорқынышын жеңуге арналған ойын сценарийін әзірлеңіз.

№	Кезең	Әрекет	Психологиялық әсер

Әдістемелік нұсқаулық

Құм терапиясы кезінде:

- шағын ойыншықтар
- құм үстелі
- ертегі элементтері қолданылады.

2-тапсырма: Музыка терапиясын қолдану

Балалардың эмоционалдық күйін тұрақтандыруға арналған музыка терапиясы бағдарламасын жасаңыз.

№	Музыка түрі	Қолдану мақсаты
1	Баяу әуен	
2	Табиғат дыбыстары	
3	Көңілді музыка	

Әдістемелік нұсқаулық

Музыка:

- релаксация
- эмоционалдық тұрақтылық
- шығармашылық дамытуға бағытталады.

белсенділікті

3-тапсырма: Ароматерапия құралдарын таңдау

Балабақшада қолдануға болатын қауіпсіз ароматерапиялық иістерді анықтаңыз.

№	Иіс	Психологиялық әсері
1	Лаванда	
2	Лимон	
3	Жалбыз	

Әдебиет: 7-11

7-тақырып. Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамалық жүйесі

1-тапсырма. Заңнамалық глоссарий

Төмендегі ұғымдарға анықтама беріңіз:

- білім беру стандарты
- нормативтік-құқықтық акт
- білім беру ұйымы
- педагог мәртебесі
- білім алушының құқықтары

Әдістемелік нұсқаулық :

Тыңдаушылар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, «Педагог мәртебесі туралы» заңы, «Баланың құқықтары туралы» заңы, мектепке дейінгі білім беру стандарты негізінде ұғымдарға қысқа анықтама береді.

2-тапсырма. Заңнамалық талаптарды қолдану

Мектепке дейінгі ұйым қызметінде қолданылатын заңнамалық талаптарды тәжірибелік мысалмен түсіндіріңіз.

Әдістемелік нұсқаулық : Тыңдаушылар:

1. Нақты жағдайды таңдайды (баланың қауіпсіздігі, ата-анамен жұмыс, санитарлық талаптар).
2. Қай заң немесе нормативтік құжат қолданылатынын анықтайды.
3. Педагогтың әрекетін сипаттайды.

Әдебиет: 13, 17-30

8-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтік –құқықтық қорғауда жасанды интеллект технологияларын қолдану

1-тапсырма. Цифрлық қауіпсіздік

Балабақшада цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жоспарын жасаңыз.

Әдістемелік нұсқаулық:

- Балабақшадағы негізгі цифрлық қауіптерді анықтаңыз (жеке деректердің таралуы, интернет қауіптері).
- Қауіпсіздік шараларын ұсыныңыз (ата-ана келісімі, пароль қою, қауіпсіз сайттарды қолдану).
- Педагогтың міндетін көрсетіңіз (балалардың деректерін қорғау, цифрлық мәдениетті үйрету).

2-тапсырма. AI арқылы ата-анамен байланыс

Тапсырма

Ата-аналармен байланыс үшін AI чат-бот жүйесін жобалаңыз.

№	Функция	Мақсаты
1	Ата-аналарға хабарлама	

2	Баланың дамуы туралы ақпарат	
3	Кеңес беру	

Әдістемелік нұсқаулық :

1. Чат-боттың негізгі қызметтерін анықтаңыз.
2. Ата-ана мен педагог арасындағы ақпарат алмасуды ұйымдастыру жолын көрсетіңіз.
3. Балалардың деректерінің қауіпсіздігін сақтауды ескеріңіз.

Әдебиет: 14-22

5.3 Тыңдаушының өзіндік жұмысы

1-өзіндік жұмыс. Мектепке дейінгі жастағы балалардың еңбек дағдыларын қалыптастыру жолдары

Тапсырма: Теориялық талдау

Мектепке дейінгі жастағы балалардың еңбек дағдыларын қалыптастырудың маңызын ғылыми әдебиеттер негізінде талдаңыз.

Орындау түрі: шағын эссе (1–2 бет)

Әдістемелік нұсқау:

- Еңбек тәрбиесінің мақсаты мен міндеттерін сипаттаңыз.
- Балалардың еңбек әрекетінің түрлерін (өзіне-өзі қызмет ету, тұрмыстық еңбек, табиғаттағы еңбек) анықтаңыз.
- Еңбек дағдыларының баланың тұлғалық дамуына әсерін көрсетіңіз.

2-өзіндік жұмыс. Мектепке дейінгі ұйымдарда цифрлық технологиялар негізінде дамытушы ортаны ұйымдастыру

Салыстыру тапсырмасы

Дәстүрлі балабақша ортасы мен заманауи дамытушы ортаны салыстырыңыз.

Дәстүрлі орта	Заманауи орта

Әдістемелік нұсқау:

Кемінде 5 айырмашылықты көрсетіңіз.

3-өзіндік жұмыс. Мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білімді қажет ететін балаларды педагогикалық қолдау

«Инновациялық идея»

Тапсырма:

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қолдау көрсетуге арналған жаңа педагогикалық идея ұсыныңыз.

Әдістемелік нұсқау:

Идеяда болуы тиіс:

- мақсаты
- қолдану жолы
- күтілетін нәтиже

4-өзіндік жұмыс. Мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтік – құқықтық қорғауда жасанды интеллект технологияларын қолдану «Mini-research»

Тапсырма:

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде цифрлық технологияларды қолдану туралы шағын сауалнама жүргізіңіз.

Әдістемелік нұсқау:

- 5–10 адамнан пікір жинаңыз
- нәтижесін қысқаша талдаңыз
- қорытынды жасаңыз

6. Оқу үрдісін ұйымдастыру

Бағдарлама онлайн-форматта жүзеге асырылады, тренердің кеңестік қолдау көрсетуі арқылы материалды өз бетінше игеруді, практикалық тапсырмаларды орындауды, кәсіби өзекті мәселелерді талдауды көздейді.

Оқу үрдісі 80 сағатқа есептелген оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес ұйымдастырылады.

Оқу үрдісін ұйымдастыру барысында тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау үшін: өзіндік жұмыс, тест, т.б. жүзеге асырылады.

Тыңдаушылардың практикалық жұмыстарына арналған тапсырмалар:

1) тыңдаушылар дәріс материалдары мен қосымша материалдарды пайдалана отырып, практикалық тапсырмаларды өз бетінше орындайды.

Курста оқу үрдісі әртүрлі оқыту формалары мен әдістері арқылы ұйымдастырылады. Оқыту барысында дәріс, практикалық сабақ, семинар тренинг және шеберлік сабақтары өткізіледі. Сонымен қатар «SWOT талдау», «Fishbone», сәйкестендіру, глоссарий, жобалар, пікірталас тәжірибе алмасу және рефлексия жұмыстары ұйымдастырылады.

Курс барысында педагогтердің кәсіби тәжірибесін дамыту мақсатында кейс тапсырмалар, жобалық жұмыстар, шығармашылық тапсырмалар және ойын әдістері қолданылады. Тыңдаушылардың белсенділігін арттыру үшін миға шабуыл, кластер әдісі, талдау тапсырмалары және жағдаяттық тапсырмалар пайдаланылады.

Сонымен бірге заманауи цифрлық құралдарды қолдану арқылы онлайн тапсырмалар, презентациялар, бейнематериалдар және интерактивті жұмыс түрлері ұйымдастырылады. Бұл формалар мен әдістер педагогтердің кәсіби білімін тереңдетуге, тәжірибелік дағдыларын дамытуға және білім беру процесінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру» бағдарламасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мазмұны модульдік құрылым мен құзыреттілікке бағытталған оқыту қағидаттарына негізделген кешенді дидактикалық жүйе болып табылады.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында тұлғаға бағдарланған, тәжірибеге негізделген (practice-oriented), әрекет арқылы үйрету (learning by doing), рефлексиялық және коллаборативті оқыту тәсілдері кеңінен қолданылады. Оқу үдерісі дәріс, практикалық сабақ, өзіндік жұмыс және кері байланыс кезеңдерінен тұрып, тыңдаушылардың кәсіби тәжірибесін дамытуға бағытталады. Сонымен қатар, оқытуда интерактивті әдістер (кейс-стади, SWOT, Fishbone, жобалау, пікірталас, мини-зерттеу) жүйелі түрде енгізіліп, тыңдаушылардың сыни ойлау, талдау және шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады.

Бағдарламаның теориялық материалы мектепке дейінгі білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық негіздерін, еңбек тәрбиесінің теориясы мен әдістемесін, инновациялық педагогикалық қызметті, заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыруды, инклюзивті білім беру мен логопедиялық түзету әдістерін, психологиялық терапия түрлерін, сондай-ақ балалардың құқықтарын қорғау және цифрлық технологияларды қолдану мәселелерін қамтиды. Теориялық мазмұн құрылымдалған дәріс тезистері, тірек ұғымдар, кестелер, инфографикалар және әдістемелік нұсқаулықтар арқылы ұсынылады, бұл тыңдаушылардың оқу материалын жүйелі және тиімді меңгеруіне мүмкіндік береді.

Оқу материалын меңгеруге арналған тапсырмалар практикалық бағытта құрастырылған және әртүрлі форматтарды қамтиды. Атап айтқанда, нормативтік құжаттарды сәйкестендіру, рефлексиялық талдау, SWOT талдау, заттық-дамытушы ортаның моделін жобалау, Fishbone әдісі арқылы себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, терапиялық жұмыстардың сценарийін әзірлеу, заңнамалық глоссарий құрастыру, цифрлық қауіпсіздік жоспарын жасау, AI чат-бот жүйесін жобалау сияқты тапсырмалар тыңдаушылардың теориялық білімін тәжірибеде қолдануына бағытталған. Сонымен қатар, өзіндік жұмыстар (эссе, салыстыру, инновациялық идея ұсыну, мини-зерттеу) тыңдаушылардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Бағдарламада өзін-өзі бағалау және кері байланыс жүйесі маңызды орын алады. Әрбір тапсырма нақты бағалау критерийлері негізінде бағаланады: мазмұнның ғылыми негізділігі мен толықтығы, тапсырманың практикалық мәні, ұсынылған шешімдердің тиімділігі, шығармашылық деңгейі, цифрлық құралдарды қолдану сапасы және рефлексия тереңдігі. Бағалау 100 балдық шкала бойынша сараланады: жоғары деңгей (90–100 балл) – тапсырма толық, жүйелі және шығармашылықпен орындалған; жеткілікті деңгей (75–89 балл) – мазмұны жеткілікті, бірақ толықтыруды қажет етеді; орташа деңгей (50–74 балл) – негізгі талаптар орындалғанымен, талдау жеткіліксіз; төмен деңгей (0–49 балл) – тапсырма талаптарға сәйкес орындалмаған. Тыңдаушылар өзін-өзі бағалау парақтары, чек-листтер және рефлексиялық жазбалар арқылы өз оқу жетістіктерін талдап, кәсіби даму динамикасын анықтайды.

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі теория мен практиканы тиімді үйлестіретін, заманауи педагогикалық технологияларға негізделген және

педагогтердің кәсіби құзыреттілігін кешенді дамытуға бағытталған тұтас дидактикалық жүйе болып табылады.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Педагогтің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін 1-4 модульдердің теориялық материалын игеру нәтижелері бойынша билеттер жүргізіледі.

Билет сұрақтары:

1. Мектепке дейінгі педагогиканың мәні, мақсаты мен міндеттері.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартының мазмұны.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының маңызы.
4. Инновациялық қызметтің тәрбиешінің кәсіби дамуына әсері.
5. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі заманауи педагогикалық технологиялар.
6. Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық жобаларды ұйымдастыру.
7. Инновациялық қызмет жағдайында тәрбиешілердің үздік педагогикалық тәжірибесін тарату жолдары.
8. Табиғат бұрышын ұйымдастыру және оның тәрбиелік маңызы.
9. Дамытушы ортаны ұйымдастыруда эстетикалық талаптардың маңызы
10. Мектепке дейінгі ұйымдағы дамытушы ортаны ұйымдастыру.
11. Заттық дамытушы ортаны ұйымдастыруда қауіпсіздік талаптары.
12. Инновациялық әдістерді қолдану ерекшеліктері.
13. Инклюзивті білім беру ұғымы мен принциптері.
14. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс ерекшеліктері.
15. Педагогикалық қолдау көрсету әдістері.
16. Балалар құқықтарын қорғау ұғымы және оның педагогикалық маңызы.
17. Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі құқықтары.
18. Бала құқықтары туралы халықаралық құжаттар және олардың мазмұны.
19. Бала құқықтары туралы Конвенцияның негізгі принциптері.
20. Қазақстан Республикасындағы бала құқықтарын қорғаудың нормативтік-құқықтық негіздері.
21. Балалардың құқықтарын қорғауда педагогикалық бақылау және мониторинг.
22. Балалардың құқықтарын бұзу жағдайларын анықтау және алдын алу.
23. Балалар құқықтарын қорғауда мектепке дейінгі ұйымның ішкі саясаты.
24. Балалардың құқықтарын қорғауда педагогтің кәсіби жауапкершілігі.
25. Оқыту үдерісін тиімді ұйымдастырудың педагогикалық шарттары.

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру» біліктілікті арттыру курсы аяқтағаннан кейін педагогтердің алған білімдері мен дағдыларын тәжірибеде тиімді қолдануына

қолдау көрсету мақсатында курстан кейінгі сүйемелдеу ұйымдастырылады. Курстан кейінгі сүйемелдеу педагогтердің кәсіби дамуын жалғастыруға, инновациялық педагогикалық тәжірибелерді енгізуге және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға бағытталған.

Курстан кейінгі сүйемелдеу барысында педагогтерге әдістемелік, консультациялық және ақпараттық қолдау көрсетіледі. Бұл жұмыс педагогтердің кәсіби қызметінде туындайтын мәселелерді шешуге, жаңа педагогикалық технологияларды тиімді қолдануға және озық тәжірибелерді таратуға мүмкіндік береді.

Курстан кейінгі сүйемелдеу **мынадай** бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

9.1. Әдістемелік кеңес беру. Педагогтерге мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру үдерісін ұйымдастыру, инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану, ойын арқылы оқыту, балалардың жас ерекшеліктерін ескеру және инклюзивті білім беру мәселелері бойынша әдістемелік ұсыныстар беріледі.

9.2. Онлайн және офлайн консультациялар. Курс тыңдаушыларына вебинарлар, онлайн кездесулер, кеңес беру аландары арқылы кәсіби қолдау көрсетіледі. Педагогтер өз тәжірибесінде кездесетін мәселелерді талқылап, мамандардан кеңес алады.

9.3. Тәжірибе алмасу және кәсіби қауымдастық. Педагогтердің кәсіби қарым-қатынасын дамыту мақсатында дөңгелек үстелдер, семинарлар, әдістемелік кездесулер ұйымдастырылады. Бұл педагогтердің өзара тәжірибе алмасуына және тиімді педагогикалық тәжірибелерді таратуына мүмкіндік береді.

9.4. Практикалық жұмыстар мен жобаларды іске асыру. Педагогтер курс барысында алған білімдерін тәжірибеде қолдану мақсатында әдістемелік әзірлемелер, шығармашылық жобалар немесе шағын зерттеу жұмыстарын жүзеге асырады.

9.5. Мониторинг және кері байланыс. Курстан кейін белгілі бір уақыт аралығында педагогтердің кәсіби қызметіндегі өзгерістерге талдау жасалып, олардың оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық тәсілдерді қолдану деңгейі бағаланады.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер

1. Смағұлова Г., Қалиева С. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы: Білім, 2021.
2. Жиенбаева С.Н., Сыздықбаева А.Д. Мектепке дейінгі білім берудің теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2022.
3. Қалиева С., Сейталиева А. Мектепке дейінгі жастағы балаларды еңбекке тәрбиелеу әдістемесі. – Алматы, 2022.
4. Балаубаева К. Мектепке дейінгі педагогика және тәрбие теориясы. – Алматы, 2020.

5. Сапарова Б., Нұрмұхамбетова А. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі. – Алматы, 2020.
6. Комарова Т.С. Современная дошкольная педагогика. – Москва: Академия, 2022
7. Жиенбаева С.Н. Инклюзивті білім беру теориясы мен практикасы. – Алматы: Дарын, 2022.
8. Лалаева Р.И., Волкова Г.А. Логопедия: теория и практика. – Москва: Владос, 2021.
9. Копытин А.И. Арт-терапия: теория и практика. – Санкт-Петербург: Лань, 2022.
10. Киселева М.В. Арт-терапия в работе с детьми. – Санкт-Петербург: Речь, 2021.
11. Копытин А.И. Современная клиническая арт-терапия. – Москва: Когито-Центр, 2023.
12. М. Малколм, Н. Шо. «Халықаралық құқық» 1-кітап. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. 2019. – 175-б.
13. Г. Ж. Меңлібекова, С. Б. Ыбырай. Балалық шақты әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан қорғаудағы әлеуметтік педагогтің маңызы. Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi, 2022. 5(3), 163–176.
14. С. Devaney, С. McGregor, J. Canavan & A. Shaw. «Балаларды қорғау және отбасын қолдау: қайшылықтар, қиындықтар және мүмкіндіктер» Лондон, Монография, 2022 ж, -162 б
15. Леван Т. Н. Здоровье ребенка в современной информационной среде: учебно-методическое пособие. - М.: ИНФРА, 2018 г. - 224 с.
16. Бала құқықтары туралы конвенция. 20 қараша 1989 жыл. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_
17. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
18. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 24 қазан 2011 жыл №487-IV. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487>
19. Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы Заңы. 8 тамыз 2002 жыл. №345. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
20. Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл. №518-IV. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
21. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы.
22. Закон Республики Казахстан «О статусе педагога» <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293>
23. Закон Республики Казахстан «О правах ребенка в Республике Казахстан» https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345_
24. Закон Республики Казахстан «О безопасности игрушек» <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000306>

25. Закон Республики Казахстан «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями»
https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343_

26. Модель развития дошкольного воспитания и обучения
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137>

27. Санитарные правила Санитарно-эпидемиологических требований к дошкольным организациям и домам ребенка
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700015893>

28. Государственные общеобязательные стандарты образования всех уровней образования
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>

29. Типовые учебные планы дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008275>

30. Типовые учебные программы дошкольного воспитания и обучения
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014235/history>